

Түрікстан облысы Қазығұрт ауданы

«Алтын сақа»бөбекжай балабақшасы»



Тәрбиеші: Оразбаева Ұлжан

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту. Үлкендерді сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

1.Жүргізуши: 9- Мамыр Женіс күні – бүкіл дүние жузі бойынша үлкен мереке. Әсіресе бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан. Женістің туын желбіреткен.

Құрметті қонақтар мен балалар! Бүгінгі 9- Мамыр Ұлы Женіс күні мерекесі баршаңызға құтты болсын! Осы соғыстың аяқталғанына 73 жыл толып отыр. Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жаңын қиған, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Міне, осыған орай Ортаңғы « Ер Төстік» тобының дайындаған шағын мерекелік ертеңгілігін қабыл алыңыздар!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалады.

Хор: «Әрқашан күн сөнбесін»

2.Жүргізуши: Аз емес зар жылаған, егілген жан,
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.

Кеудеге зілді қасірет салды соғыс,

Қирады талай арман көнілге алған.

1.Жүргізуши: Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылдың маусым айының 22-де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығы арқасында 1945 жылды 9- мамырда бұға Ұлы Женіспен аяқталды.



Кане балалар Ұлы Женіс туралы тақпақтарымызды айтамыз.

Ұлықбек:

Женіс келді далама,

Женіс келді қалама.

Женіс келді әке боп,

Елдегі көр балаға.

Мереке:

Женіс келді ән болып,

Келді ауылға сән көрік

Женіс келді алақай!

Ұмытылмас мәңгілік.

Азиза:

Жүйрік озар әйгілі,

Күні бүгін бәйгенің

Ура, Ура балалар,

Тоғызыншы май бүгін!

1.Жүргізуши: Арылтып жаудан жерінді

Табанға жаншып өлімді

Женіспен желпіп өмірді,

Оралды ерлер көңілді.

Десендер бұл қай күні?

Тоғызыншы мамыр күні!

Би: « Сарбаздар»

Орындаушылар: Топ балалары.

2.Жүргізуши:Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең түсіне, сезіне бастады. Қаһарман ерлік пен еңбек женіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, елдік, халықтар достығы нығая түсті.

Ән: «Мереке»

Орындаитын: Шұғыла.

1.Жүргізуши:

Барша халық женіс күнін тойлайды,

Жас сәбілер думандатып ойнайды.

Ардагерлер көздеріне жас алып,

Ұрпақтарының амандығын ойлайды.

2.Жүргізуши:

Бақыт сыйлап жатады әр күн,

Санамызға жарық берген

Әкелері аталардың

Бұл жеңісті алып келген.

Қуантамыз ән сап жүртты,

Келе берсін бақыт таңы.

Жеңіс күнің болсын құтты,

Батырлардың ұрпақтары.

Осымен Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс жасасын»
атты шағын мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.